**ITALANT.KZ «Талантты, талапты жастар» интеллектуалды білім порталының
Республикалық байқауына шәкірттерін дайындағаны үшін**



**«LEADER.KZ – жас көшбасшы» Республикалық білім мен қабілетті дамыту
орталығының педагог мамандары арасындағы байқауы**

Оқушылардың жетістіктері:



2017 Қалалық қолданбалы көркем – өнер көрмесі







**Көркем еңбек пәндері мұғалімдерінің қалалық семинарында
өткізілген ашық сабақ**


Көркем еңбек пәнінен қысқа мерзімді сабақ жоспары

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Сәндік қолданбалы өнер	Мектеп: «Ақсу кентінің № 2 орта мектебі» КММ
Күні: 20.11.2019	Мұғалімнің аты-жөні: Омарова Сагдат Бакеновна
Сынып: 8	Қатысқандар: 10 Қатыспағандар: 0
Сабақтың тақырыбы	Этностильдегі ұлттық бас киімдерді (сәукеле) әшекейлерді пайдалана отырып сәндеу
Оқу мақсаты	8.2.3.3. Шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану. 8.2.6.1. Қауіпсіздік ережелерінің маңызы мен сақтық шараларын сақтауды жариялау арқылы материалдар мен жұмыс құралдарын пайдалану.
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар:
	Қауіпсіздік ережелерінің маңызы мен сақтық шараларын сақтау арқылы материалдар мен жұмыс құралдарын пайдалана алады.
	Оқушылардың басым бөлігі:
	Шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалана алады.
	Кейбір оқушылар:
	Шығармашылық жұмыстарды әшекейлерді пайдалана отырып, сәндей алады.
Бағалау критерийлері	Қазақ ұлттық мәдениет элементтерін шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қолдана алады.
	Қауіпсіздік ережелерінің маңызы мен сақтық шараларын біледі және сақтық шараларын сақтау арқылы материалдар мен жұмыс құралдарын пайдалана алады.
	Әр түрлі шығармашылық жұмыстарды түрлі әшекейлермен сәндей алады.
Тілдік мақсат	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер : декоративті лента, бисер, әйнек моншақтар, ұсақ моншақтар, стеклярус, ызба, таспа, бау, лента т.б.
Құндылықтарға баулу	«Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасы. Жалпыадамзаттық -5-құндылық. Оқушылар бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлттық құндылығымызды бағалауға баулу.
Пәнаралық байланыс	Өзін-өзі тану, тарих, қазақ тілі, бейнелеу өнері, математика
Алдыңғы оқу	Шығармашылық жұмыстарды орындау (сәукеле жасау т.б) Қазақтың ұлттық киімдерінің қандай ерекшеліктері бар? Қазақтың ұлттық киімдерінің тарихы туралы не білесіңдер?

	«Этностиль» дегеніміз не? Біздің салт-дәстүрімізде қандай ұлттық рәсімдерді білесіңдер?	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
<p>Басы 1 минут</p> <p>1-2 мин</p> <p>2 минут</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі Амандасу, түгендеу, сабаққа дайындығын тексеру. Оқушылар алдыңғы сабақтағы топ құрамымен жұмыс жасайды.</p> <p>«Өткенге шолу» 1.Баскиімнің өлшемін алу үшін қандай өлшемдер қажет және шартты белгіленуі? (Көлденең алынған бас айналымы және көлденең өлшем, Ба.к және КӨ шартты белгіленуі) 2.Көлденеңінен алынған бас айналымы қалай алынады? (Сантиметрлік таспамен басты айнала маңдай бөлігі бойымен, құлақтың үстімен, желкенің ең шығыңқы жерінен көлденең өлшенеді. Қастан 1,5-2,5 см жоғары алынады) 3.Көлденең өлшем қалай өлшенеді және ол өлшем не үшін алынады?(См таспамен құлақ үстінен бастың еі жоғарғы нүктесі арқылы екінші құлаққа дейінгі аралық өлшенеді және бұл өлшем баскиімнің тереңдігін анықтауға қажет) (ҚБ)</p> <p>Қызығушылықты ояту. Бейне көрсетілім. 1. Біздің салт-дәстүрімізде қандай ұлттық рәсімдерді білесіңдер? 2. Қазақтың ұлттық киімдерінің қандай ерекшеліктері бар? 3. Қазақтың ұлттық киімдерінің тарихы туралы не білесіңдер? 4. «Этностиль» дегеніміз не?</p>	<p>«Шеберлер», «Ісмерлер» «Дизайнерлер» -деген сөздер жазылған қағаздар</p> <p>Дескрипторларға бағалау жасау</p>

<p>Сабақ тақырыбы мен мақсатын анықтау 3 мин</p> <p>1 мин.</p> <p>Жаңа сабақты түсіндіру 1 минут</p>	<p>Кім жылдам? Берілген уақыт ішінде әр топ жобалық бұйымды сәндеуге байланысты сөздер мен сөз тіркестерін мүмкіндігінше көбірек жазуы қажет, мысалы, сәндеу материалдары, жасау техникасы т.б. бисер, фольга, меруерт, ызба, бау, кесте, жапсырма және т.б. Әр топ кезекпен өз сөздерін айтады, қай топта сөздер көп айтылса, сол топ жеңімпаз болып саналады. Бұл ойынның сөздерін партадағы түймедақ гүлінің жапырақтарына жазады, гүл жапырақтарын оқу бөлмесінің қабырғасына орналастырылған түймедақ гүлін сәндейді, қажет болған жағдайда оқушылар оған назар аударып, бұйымды сәндеу туралы ақпарат алады. Бұл жерде жазылған сөздер не үшін қажет деп ойлайсыздар? Ендеше сабақтың тақырыбы: түймедақтың ортасында жазылған сары жағы аударылады. Сабақтың мақсатын анықтау Оқушылар алдыңғы тапсырмада жазылған жапырақтарындағы сөздерді қолдана отырып,, сонымен бірге өздерінің қазақ ұлттық бас киімдерінің нобайы салынған суреттеріне қарап, осы сабақтың мақсатын анықтайды.</p> <p>Мұғалім тақтаға қажетті жазулар жазады, ал оқушылар альбомға немесе жұмыс дәптеріне жазып алады. <i>Бұйымды сәндеу (әрлеу) түрлері:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Кесте – әрлеудің бұл түрін қолдана отырып, мата фактурасын, формасы, бұйым конструкциясын, сонымен бірге фасоны мен адамның жасын ескеру қажет. Кестелеу үшін әртүрлі материалдарды: акрильді жіптер, бисер, стеклярус, жібек таспа, мулине жібі және т.б. қолдануға болады. • Ызбамен әрлеу – сәндеудің кең таралған түрі, ол алуан түрлі, түрлі түсті, бір түсті, көп түсті ызба және т.б. болуы мүмкін. • Жапсырма — онымен кез келген бұйымды, мысалы, фетрден жасалған жеке ою-өрнек элементтерінің әртүрлі нұсқаларымен сәндеуге және оны бұйымның таңдалған тұсына жапсыруға болады. • Ылғалды-жылумен өңдеу – бұйымға белгілі бір пішін және эстетикалық түр беру үшін орындалады. ЫЖӨ үтікпен немесе арнайы үтіктеу тақталарында преспен орындалады. <p>Сәндеу (әрлеу) кезінде бұйымда әртүрлі әрлеу элементтерінің шамадан тыс көбейіп кетпеуі үшін, белгілі бір шаманы ескеру қажет.</p>	<p>Топтық бағалау, әр топ келесі топты бағалайды, дескрипторларға топтық бағалау</p>  <p>бас бармақтар арқылы қойылады</p> <p>Дескрипторлар арқылы бағалау</p>
---	---	--

<p>Нұсқаулық жұмыстар. 2 минут</p> <p>Шығармашылық жұмыс 15 минут</p>	<p>Қауіпсіздік ережелерінің маңызы мен сақтық шараларын еске түсіру.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Арнайы алжапқышты тағу керек. 2. Құралдарды орнымен қолдану керек. 3. Желіммен жұмыс кезінде мұқият болу. 4. Ыстық желіммен жұмыс кезінде пистолеттің бауы мен корпусын тексеру керек 5. Пистолеттің металл ұшын қолмен ұстауға болмайды. 6. Ине мен қайшыны ұқыпты пайдалып және қорапта сақтау керек. 7. Жұмыс соңында орнынды жинастырып, қолды жуу керек. <p>Дескриптор: -ыстық желіммен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін біледі. -құралдарды орнымен қолдана алады.</p> <p>ҚБ.</p> <p>Оқушылар алдыңғы сабақтағыдай сол құрамда топқа бірігеді.</p> <p>1-тапсырма Бірлескен әңгіме Алдыңғы сабақта дайындалған бұйымды колөнер элементтерін пайдалана отырып, ұлттық нақышта сәндеу. Эскиздерін қарап шығады. Мұғалім әр топқа бір-бір сұрақтан беріп, ойланып, ортаға салуды ұсынады. Топтар осы жайында өз ойларын постерге жазады және шығармашылық жұмыстарын орындайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Топта өз шығармашылық жұмыстарыңды қарастырыңдар. • Альбом немесе жеке А4 форматты парақтың жоғарғы жағына өз жұмысыңды өңдеу және сәндеуге арналған шығармашылық идеяларыңды жазыңдар, топта талқылаңдар. • Ең жақсы идеяны тандаңдар. • Өз таңдауыңды дәлелдей отырып, жобалық бұйымды сәндеуге арналған материалдар мен техникалардың әртүрлі нұсқаларын ұсыныңдар. • Өз идеяларыңды өзге топқа көрсетіңдер. <p>«Шеберлер» тобы: «Бойжеткен қыздың сәукелесін сәндеу» «Дизайнерлер» тобы: «Фетрден жасалған сәукелені сәндеу»</p>	<p>« Еске түсіру» әдісі А4 форматты қағаз</p> <p>Бас бармақ арқылы бағалау</p>  <p>«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі Мадақтау сөздер арқылы бағалау: Тамаша! Бәрекелді! Жарайсың! Өте жақсы! Өте керемет! Жақсы! Сабаққа жақсы атсалысып отырдың!</p>
---	---	---

<p>Топтық жұмыс 7 минут</p>	<p>«Ісмерлер» тобы: «Қатпарланып қапталған сәукелені сәндеу»</p> <p>Дескриптор: -шығармашылық бұйымдарын түрлі фурнитуралармен әрлейді; -ұлттық ою-өрнектерді қолданады; -қауіпсіздік және сақтық шараларын қолданады, -жұмыстарын қорғайды. ҚБ.</p> <p>2-тапсырма. «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының жаңа компоненттері ата-бабаларымыздың көп ғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік береді. Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі.</p>	<p>«Жариялау» әдісі Шығармашылық бұйымдар, түрлі фурнитуралар</p>
<p>Сабақты қорытындылау 3 минут</p>	<p>Рухани жаңғыру бағдарласы аясында ұлттық салт – дәстүр бұйымдарын моншақпен, ызбамен, таспамен, баумен, лентамен, стекляруспен сәндеу. 1-топ. «Сырға салу» қобдишасын сәндеу. 2-топ. Тұсау кесер бұйымдарын сәндеу. 3-топ. Қырқынан шығару рәсімінің бұйымдарын сәндеу.</p> <p>Дескриптор: -ұлттық мәдениет элементтерін біледі; -ою-өрнектерді бұйымдарға орынды қолданады. -безендіру түстерін дұрыс шеше алады. ҚБ «Шашу» әдісі. Конфет қағазына жапсырылған стикерлерге сұрақтар жазылып, шашу болып шашылады, сұрақтарға жауап алынады. Пәнге қатысты лексика мен терминология: Баскиім - головной убор - Headwear Этностиль – этностиль - ethnostyle Жұқа киіз – фетр - thin felt Сәндеу - декорирование - decoration Бұйым – изделие - product</p>	

	<p>Диалог және жазу үшін қажетті сөз тіркестері: Қазақ ұлттық киімдерінің өзге ұлттардан айырмашылығы ... Оның ерекшелігін ... анықтауға болады. Бұйымды көркемдеп әрлеу үшін қандай фурнитуралар қолданылады Этностильдегі бұйымды әртүрлі материалдармен қалай сәндеуге болады? Жобалық бұйымды сәндеудің қандай әдіс-тәсілдерімен түрлендіруге болады? Сәндеу кез келген бұйымның функционалдық сапасын жақсарты ала ма? Неліктен?</p>	
--	---	--

<p>Рефлексия 3 минут</p>	<p>Кері байланыс</p>  <p>«Бес саусақ» әдісі</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бес саусақ — Басты мақсат. Бүгінгі сабақтағы құнды нәтижелерімді атады. 2. Бас бармақ — Білімдісі. Ақпаратты қалай оқыдым? Оқыдым? Қалай оқыдым? Қалай оқыдым? Қалай оқыдым? 3. Екі саусақ — Әдіс. Қалай білдім? Қалай білдім? Қалай білдім? Қалай білдім? Қалай білдім? 4. Шығармашылық — Шығармашылық. Шығармашылық қалай білдім? Шығармашылық қалай білдім? Шығармашылық қалай білдім? 5. Қолымды қалай қолдандым? Қалай қолдандым? Қалай қолдандым? Қалай қолдандым? Қалай қолдандым? 	<p>«Бес саусақ» әдісі А3 форматты қағазға «Бес саусақ» салынған сурет.</p>
------------------------------	---	--

Сабағымыз аяқталды, барлығыңызға рахмет, бес саусақта қалдырған пікірлеріңізбен «Күлімдеген күн» суретін толықтыруларыңызға болады. Сау болыңыздар.



Музыка пәні мұғалімдерінің қалалық семинарында
өткізілген кіріктірілген ашық сабақ

Музыка және өзін-өзі тану
5 «Б» сыныбы, 18 қаңтар 2017 жыл
Музыка пәнінің мұғалімі – Арманай Ханатбек
Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі – Омарова Сағдат Бакеновна

САБАҚТЫҢ ЖОСПАРЫ

Тақырыбы:	«Өнер мен еңбек - егіз»	Уақыты мен қолданыла-тын ресурстар
Мақсаты:	Оқушыларға еңбектің керектілігі туралы түсінік беріп, адамның өмірі өз қолында екендігін түсіндіру. Оқушының жеке қабілетіне сай рухани, шығармашыл, өз бойындағы құндылықтарын сақтап дамытатын саналы, білімді, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.	Интерактивті тақта, музыкалық аспаптар, стикерлер, маркерлер
Білімділігі:	Жапон елінің театрымен таныстыру. Өз елінің театрларынан мағлұмат алу. Еліміздің әйгілі актерларын еске алу.	
Дамытушылығы:	Оқушылардың есту қабілетін жан – жақты әуендік, ырғақтық, үйлесімдік бағытта дамыту. Төзімділіктерін, еңбекқор болу қабілеттерін дамыту.	
Тәрбиелігі:	Өнерді, Отанды сүюге тәрбиелеу. Оқушылардың музыка сабағына деген ынтасын арттыру. Музыканы өнер ретінде танып, оны өмір қажеттіліктеріне айналдыру, құштарлық сезімін тәрбиелеу. Қажымай еңбектенуге тәрбиелеу.	
Міндеттері:	<ul style="list-style-type: none"> - оқушыларға еңбектің маңыздылығы туралы түсінік беру; - өнер шыңына жетелер – еңбек екенін түсіндіру; - оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал ету; - еліне, халқына абыройлы қызмет етуге тәрбиелеу; - жапон халқының әйгілі театрының мәдениетімен таныстыру 	Бейнежазбалар, суреттер, дәйексөздер, постер жасату, жұмыстарын қорғау парақтары, бағалау парақтары
САБАҚТЫҢ ЭПИГРАФЫ:	«БЕЙНЕТІҢ ҚАТТЫ БОЛСА, ТАТҚАНЫҢ ТӘТТІ БОЛАДЫ» ДЕЙДІ ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ.	Интерактивті тақта
САБАҚ БАРЫСЫ:	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушыларды белгілеу. Балалар, сендермен кезекті сабағымызда кездескеніме өте қуаныштымын. «Музыка және өзін-өзі тану» пәніне асыға келгендеріңе өте қуаныштымын. Сабағымызда «Театр» әлеміне саяхатымызды жасай отырып, еңбексүйгіштік арқылы өнердің	<i>1 минут</i>


	шыңына жету туралы мәліметтер аламыз. Бір - бірімізге қарайық. Мен сендердің көздеріңнен қуаныш пен қызығушылық көріп тұрмын. Осындай ақылды, мейірімді, білімге құштар балаларды көргеніме мен де қуаныштымын. Ендеше бізде бір - бірімізге күлімсіреп, алақанымыздың жылуын сезіне отырып сәлем берейік. Бүгінгі күніміз сәтті де, жарқын аяқталу үшін өзімізге, келген қонақтарға жақсылық көтеріңкі көңіл тілейік.	
Музыка....	Жарқырап күнде ашылды, Айналаға гүл шашылды Қайырлы күн! Біз нәзік қыздармыз! Қайырлы күн! Біз ержүрек ұлдармыз!	3 минут
Топқа бөлу:	Сабағымызды жалғастыру үшін топқа бөлу рәсімін жүргізейік: Оқушылар ортадағы столда тұрған маскаларды таңдап алады. Әр маскада жасырын қойған сыйлық бар, ол сыйлықта топтың әндерәнәң аты жазылған. Сол әндер бойынша топқа бөліну рәсімі жүргізіледі.	2 минут
Топпен ән айту	Әр топ өз әнін орындайды: 1-ші топ «Еңбек» 2-ші топ «Өнер» Топ басшыларын сайлау, бағалау парағын тарату. Топпен ән айту.	1 минут 1 минут
Өткен сабаққа шолу:	Доп арқылы музыка мұғалімі өткен сабақтан қайталау сұрақтарын қояды. Екі топтың жауаптарын жалпы критериялды бағалауға өзін-өзі тану мұғалімі қойып отырады. «Еңбек», «Еңбексүйгіш», деген ұғымдарды қалай түсінесіңдер? Адам бойында қандай қасиеттер болғанда жетістіктерге жетуге болады? Топ басшылары жеке бағалау парағына топ оқушыларын бағалап отырады.	4 минут Сқрақ, жауап
Ой толғау:	«Театрға барамыз» (орысша)	2 минут Бейне жазба
Жаңа ақпарат:	Музыка мұғалімі жаңа сабақты өнер сөзімен бастайды. Нақыл сөз «Өнер туралы»	5 минут Мәтін, нақыл сөз
	Бейне жазба «Жапон театры Кабуки» туралы көрініс	1 минут
Постер жасау:	«Еңбек» тобына постердің тақырыбы: Еңбекпен адам шыңдалады дегенді қалай түсінесіңдер? «Өнер» тобына постердің тақырыбы: Өнердің шыңы – еңбектің жемісі» дегенді қалай түсінесіңдер? Постер жасауға 7 минут уақыт беріледі. Уақыт бітісімен оқушылар постерлерін қорғайды. Топ бағалары тақтадағы критериялды бағалауға қойылады.	7 минут Маркерлер, фломастерлер, ватман қағаз, парақшалар

Сергіту сәті:	«Қара жорға биі»	1 минут Бейнежазба
Дәйексөз:	«Еңбек атаулының бәрі де бағалы, өйткені ол адамды ізгілендіреді» - деген орыс жазушысы Л. Н. Толстой «Еңбекті жан-тәнімен сүймейінше, ешбір талант та, кемеігер де шықпайды» Д.И.Менделеев Өз өнерлеріңізді еңбектену арқылы көрсеттіңіздер, ендеше бүгінгі сабағымыздың дәйексөзін дәптерлеріңізге жазып алыңыздар.	1 минут Интерактивті тақтада дәйексөз, дәптер, қалам
Тапсырма:	Мына криптограмманы дұрыс шешсең, «Еңбекке» байланысты мақалды оқуға болады. I. Отанға, қоғамға көрсеткен қызмет, жақсылық – 1, 2, 3, 4, 5. II. Барлығы, баршасы, тегіс - 6, 7, 8, 9. III. Дауыссыз дыбыс – 10 IV. Киімнің бір бөлігі – 11, 12, 13. V. Бекем, мықты, берік - 14, 15, 16. 1 2 3 4 5 - 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 Е н б е к - б ә р і н ---ж-- е--ң- б-- е –к	2 минут Интерактивті тақта, дәптер, қалам
Шығармашылық жұмыс:	«Алты қалпақ» көрінісі: Бүгінгі сабақтан алған мәліметтеріңіз бойынша шығармашылық жұмысымызды жалғастырайық. «Алты қалпақ» көрінісі «Театр және еңбек» жөнінде ой түйіндеңдер. 7 минут уақыт беріледі. Алты қалпақ (Ақ, сары, қызыл, жасыл, қара, көк қалпақтардың пікірлерін ортаға салайық. Оқушылар өз қалпақтарының түстеріне байланысты Еңбек пен – өнер егіз атты тақырыпта пікірлерін ортаға сала отырып, өз ойларын түйіндейді. Жазғандарын өз өмірлерімен байланыстыра отырып мәнін ашады.	7 минут Алты қалпақ, Парақтар, маркерлер
Сабақты жалпылау:	Еліміздің мақтаны «Театр» - еңбекқорлар ортасы атты бейнежазба	2 минут Интерактивті тақта
Үй тапсырма:	Жалпы түсіндіру арқылы мағлұмат беру.	1 минут
Оқушыларды бағалау:	Оқушылар бағалау парағының қорытынды бағаларын оқиды. Мұғалім журналға түсіреді. Жалпы критериалды баға қорытындысымен өзін-өзі тану мұғалімі топтарды марапаттайды.	1 минут Бағалау парағы, электрондық бағалау журналы
Рефлексия:	Баяу ән әуені ойнап тұрады. Оқушыларға ортадағы стикерлерге өз пікірлерін жазу ұсынылады. Пікірлер жазылған стикерлер тақтадағы «Жеміс ағашына» ілінеді.	2 минут Стикерлер, тақтада плакаттар
Тарту, қонақтарға сыйлық:	Осымен сабағымызды аяқтай келе, қадірлі қонақтар Сіздерге ән шашуын тарту етеміз. Музыка мұғалімі домбырамен ән айтады, оқушылар қонақтарға сыйлық таратады.	3 минут Домбыра әуені, қонақтарға сыйлық

Қалалық семинарларда өткізілген Коучингтер



Алматы қаласында Республикалық семинарда өткізілген ашық сабақтан фото суреттер.



Сынып жетістіктері





Сыныштан тыс іс-шара



№ 8 қосымша

Сабақтан бейне үзінділер. (диск ұсынылды)

№ 9 қосымша

Облыстық конференцияға дайындаған баяндама

«Әлем өзгергенмен - Ұлылардың ұлағатты өсиеті өзгермейді»

Степногорск қаласы, Ақсу к.
№ 2 орта мектебінің өзін-өзі тану,
сызу және бейнелеу өнері
пәндерінің мұғалімі Омарова
Сағдат Бакеновна

Заманымыздың қарқындап дамуымен бірге, кеше ғана әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау мақсатымыз болса, бүгін міне, білім беру саласы жаңартылып оқытуда.

Дәстүрлі оқу мен оқытуда қолданып жүрген көптеген технологиялардың бүгінгі таңда жаңа инновациялармен қарқынды дамып, білім берудің жаңа форматында жүйеге келтірілді.

Қазақстан Оқу Ассоциациясының президенті Сапаргүль Мирсеитованың басқаруымен, ең үздік шебер тренер Казиза Мажитқызы берген тәлім-тәжірибеміздің негізінде, бүгінгі күні ең тиімді технологиялардың бірі «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын сабақта қолданудың тиімділігіне көз жеткіздік. Мен өз сабақтарымда «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының көптеген стратегияларын қолдану арқылы мақсатыма оңай жетемін.

Мысалы өзін-өзі тану пәнінен 10 сыныптағы **«Ой – өріс кеңдігі және ақыл парасат»** тақырыбын алатын болсақ (3-4 сабақ). Жалпы сабақтың басында психологиялық ахуал жасап алып, тыныштық сәтін жағымды әуен арқылы өткізіп, оқушыларды топқа бөлемін. Әр сабағымда топқа бөлу рәсімін әр түрлі «Ән салайық», «Конфеттерді таңдайық», «Ребустарды құрастырайық» атты т.б. түрлерін жүргіземін.

Бұл ұжымдық оқыту - бірлескен ортада жұмыс жасауда оқушыларды белсендіреді, мәдени дағдыларын қалыптастырады. Ұжымда оқушыларда бірлік, ынтымақтастық қалыптасты, топпен орындаған тапсырмалары олар үшін қызықты болады, өйткені өзара қарым-қатынас жасаудың арқасында оларда ортақ пікір қалыптасады. Оқушылар – жоғары деңгейде ойлауға

дағдыланады, мотивация және моралды жауапкершілігі пайда болады, өзаратұлғалық дағдысы дамиды.⁹ [65 бет]

Сабақтың қысқаша құрылымы:

1. Психологиялық дайындық.
2. Ой шақыту.
3. Үй тапсырмасын тексеру.
4. Жаңа сабақ.

I. Қызығушылықты ояту.

- а) Ой қозғау.
- ә) “Топтау”, “Ойлану”

II. Мағынаны тану сатысы.

4. Абайдың 17 қара сөзінен аудио жазба тыңдау.
5. Түртіп алу — + ? v (INSERT) стратегиясы
6. Топпен жұмыс.

III. Ой толғау сатысы.

10. «**Пікір алысу**» стратегиясы.
 11. Постер қорғау, бағалау.
 12. Үйге тапсырма.
 13. Соңғы тыныштық сәті
 14. Стикерлер толтырылады, рефлексия жасалады.
- Сабақ кезеңдеріне тереңірек тоқталатын болсам:

Бірінші кезең «Қызығушылықты ояту»

Кезеңнің мақсатына қарай оқушы өзінде қалыптасқан білімі мен түсініктерін өзектендіру үшін тақырыпқа байланысты қызығушылықтарын, белсенділігін ояту үшін, үш топқа жеке тапсырма беремін.

1-ші топқа «Қайрат»

2-ші топқа «Ақыл»

3-ші топқа «Жүрек» сөздері туралы не білетіндерін: «Белгілі ақпараттар» тізімін түйін сөздер бойынша әңгімелеу, кластерлер құру арқылы топта талдауын ұсынамын.

аталған сөздер бойынша не білетінін еске түсіреді, ақпаратты жүйелейді, жауап алуға бір-біріне қажетті сұрақтар қояды.

Бірінші кезеңде алынған ақпараттар тыңдалады, жазылады, талқыланады, жеке, жұп және топ бойынша жүргізіледі.

Екінші кезең «Мағынаны тану»

Кезеңнің мақсаты - жаңа ақпаратпен танысу: Бұл кезеңде жана ақпараттармен, ойлармен танысады, тиісті тақырыпқа байланысты кино көру, дәріс, әңгіме, тыңдау немесе тәжірибе — эксперимент жасау, мультимедиялық құралдарды пайдаланады. Сабақта жұмыс дара және жұп түрінде жүргізіледі. Мен тақырыпқа байланысты бұл кезеңде Ұлы Абай өзінің 17 қара сөздерінде айтып кеткен аудио жазбасын тыңдатамын.

⁹ Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде, С.Мирсеитова, Қарағанды – 2011

Ұлы Абай өзінің 17 қара сөздерінде: Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті.¹⁰ [2, <http://sultan.islam.kz/>] Бұл кезеңде оқушылар сабақтың бірінші кезеңінде берілген тапсырмаға толық мағлұмат жинайды, тыңдалған аудио жазбаны өз түсінігіне қабылдайды, алдына қойған мақсаттарына жету үшін белсенді әрекет етеді.

Осы орайда, мен мәтінмен жұмыс жүргіземін. «Ол ақыл» (*шешендік сөздер*)¹¹ [3, 14 бет], «Ақыл бар жерде..»¹² [15 бет] (*ел аузынан*), Абайдың «Ақыл»¹³[5, 15 бет] туралы дәйексөзі мәтіндерін топтарға таратамын. Жаңа ақпараттардың мәнін түсіну барысында мәтін шетіне белгі қояды немесе жазып алады. Түртіп алу — + ? v (INSERT) стратегиясы қолданылады.

Үшінші кезең «Ой толғау»

Кезеңнің мақсаты - қабылданған жаңа және ескі түсініктердің ара қатынасын айқындау. Мағынаны тану кезеңіндегі біліміне сүйене отырып, бұрын және сабақ барысында не үйренгенін салыстырады. Бұл жерде топтарға жарты ватман қағаздарын таратып оларға постер құрғызамын. Тақырыптың мәнін толық түсіну және өзіне қойылған мақсатты іске асыру үшін жаңа тақырыпты талдайды, қажеттісін іріктеп алады. Алған білімдерін өмірмен байланыстырады, қорытынды нәтиже шығарады, өз беттерімен жаңа идеяларды ойластырады. Осы орайда «Идея жинау»¹⁴ [6, 63 бет] әдісін қолданамын.

Тақырып бойынша сұрақтар қою, ой шақырутәсілі, идеяларды ұжымда бірігіп тез жинауға мүмкіндік береді. Бұл стратегия оқушылардың алдағы уақыттаталқылауға арналған тақырып бойынша бұрынғы білімдеріне шолу жасауға мүмкіндік береді.

Мен бұл кезеңде постерларын қорғатамын, оқылған ақпаратты талдап постерге енгізеді, түсіндіреді, топ бойынша шығармашылық жұмыс жүргізеді, бірінші кезеңдегі түйін сөздерге қайта оралады. Оқыған мәліметтерімен ұштастыра отырып сабақтың «Ой – өріс кеңдігі және ақыл парасат» - деген тақырыбын түйіндейді. Тақырыпқа байланысты постерді қорғау критерилерін құрып аламыз.

Топтың шығармашылығына байланысты, алдыңғы кезеңдердегі ақпараттардың өзара қатынасын сипаттайтын кестелер толтырады немесе түйін сөздер құрады, пікір алмасады, шығармашылық жұмыстар жазу (синквейн, құруына болады.) және т. б. жүргізіледі, оны өздері таңдайды. Әр сабақта қолданылатын болғандықтан, оқушыларға бұл стратегиялар таныс, өз жұмыстарында қолдана алады.

¹⁰ <http://sultan.islam.kz/> Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Хәкім Абайдың қара сөздері – 17 сөз

¹¹ Өзін-өзі тану оқулығы, 10 сынып, 14 бет

¹² Өзін-өзі тану оқулығы, 10 сынып, 15 бет

¹³ Өзін-өзі тану оқулығы, 10 сынып, Дәйексөз 14 бет

¹⁴ Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде, С.Мирсеитова, Қарағанды – 2011, 63 бет

Жұмыстарын топ болып қорғайды. Критерилер бойынша тиісті балдар қойылады, балдарды әр топ, келесі топқа баға беру арқылы дұрыс, дұрыс емес жақтарын қарастыра отырып береді. Сабақтың соңында стикерлерге өз пікірлерін, сабақтан не алғандарын жазып жетістік ағашына іледі. Бұл арқылы келесі сабақтарымда қандай стратегияларды қолдану керектігін анықтап отырамын.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, «бірлескен ортада» топтаса отырып, өз ойларын еркін бөлісуге бейімделуі, білімге деген құштарлығы мол, дарынды оқушылардың білім деңгейілері орта оқушыларға әсерін тигізе отырып, осы біріккен орта жұмысы арқылы олардың мәдениеттік қарым-қатынастары артатынына, рухани құндылықтарды тани алатынына өз сабақтарымда көзім жетті.

Әсіресе мен өзімнің сабақтарымда оқушылардың жан-дүниесін түсінуге көп көңіл бөле отырып, сапалы оқытудың маңызды факторы ретінде оқушының сабақтағы тақырыптың мәнін өз бетінше меңгеруіне көп көңіл бөлемін. Өйткені сындарлы оқытуда бұл үдеріске оқушының міндетті түрде қатысуы талап етілген.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы курсынан алған әсерлерім мен жазған конспектілерім маған екінші деңгей курсынан өтуге көп көмегін тигізді. Оған мың алғысым, менің жетістіктеріме себеп болған шебер тренер Базарбек Қазиза Рашитқызына. Сол кездегі жазған конспектілерім әр сабағыма тірек сызбалар ретінде сүйенедім.¹⁵ [7, 2011 жылғы курстың конспекті материалдарынан]

Оқушының мұндай жауапкершілігін әсіресе топқа бөліп оқыту кезеңдерінде анық байқауға болатыны дәлелденді. Менің өткізген сабақтарымда, оқушылардың сапалы білім алуын белгілі бір деңгейде қалыптастырып, олардың жауапкершілігі мен ізденімпаздығын арттыру бағыт берілді.¹⁶ [8, Іс-әрекетті зерттеу Омаров С.Б.]

Заман талабына сай «Әлем өзгереді, біз де өзгердік», бірақ ең бастысы соған себепкер болған мақтан тұтатын **«Ұлы ұстаздарымыздың ұлағатты өсиеті өзгермейді»** - деген ой түйінмен, жаңа заманда ұрпақты оқыту үшін өзіміз оқуымыз керек деп қана қоймай, әр білімімізге сыни көзбен қарай біліп, мағынасын тани отырып Ұлылардың сенімін ақтап, еңбегін құрметтеу керек деген ой түйдім.

¹⁵ 2011 жыл, «Оқу мен жазу арқылы Сын Тұрғысынан Ойлауды Дамыту курсы, Базарбек Қазиза Рашитқызының оқыту материалдарынан, конспектілеу дәптері

¹⁶ «Іс-әрекетті зерттеу есебі», 2013 жыл. Омарова Сағдат Бакеновна, Алматы қаласы.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегиялары мен әдіс-тәсілдері

Технология бойынша әр сабақ үш кезеңнен тұрады:

- қызығушылықты ояту;
- мағынаны ашу;
- ой толғанғыс.

Бірінші кезең «Қызығушылықты ояту»

Кезеңнің мақсаттары:

- оқушы өзінде қалыптасқан білімі мен түсініктерін өзектендіру;
- оқылатын тақырыпқа танымдық қызығушылықты ояту;
- оқушының белсенділігін ояту;

Жеке тұлғаның іс-әрекеті: Қолдануға болатын әдістер мен тәсілдер оқылатын мәселелер бойынша не білетінін еске түсіреді, ақпаратты жүйелейді, жауап алуға қажетті сұрақтар қояды. Өзге мақсатын тұжырымдайды. «Белгілі ақпараттар» тізімін түйін сөздер бойынша - әңгіме, кластерлер, дұрыс және дұрыс емесін мақұлдау және т. б.

Бірінші кезеңде алынған ақпараттар тыңдалады, жазылады, талқыланады, жеке, жұп және топ бойынша жүргізіледі.

Екінші кезең «Мағынаны ашу»

Кезеңнің мақсаты:

- жаңа ақпаратпен танысу;
- жаңа ақпараттармен өз білімімен ара - қатынас белгілеу.

Жеке тұлғаның іс-әрекеті: Қолдануға болатын әдістер мен тәсілдер — мұғалім ұсынған белсенді оқыту әдістерін қолданып, жаңа тақырып материалдарын тыңдайды, оқиды;

— жаңа ақпараттардың мәнін түсіну барысында мәтін шетіне белгі қояды немесе жазып алады;

— қарастырылған материалдармен жұмыс істеу барысында өз түсінгенін қадағалайды, алдына қойған мақсаттарына жету үшін белсенді әрекет етеді.

Белсенді оқу әдістерін қолдану:

- *инсерт;*
- *екі жақты күнделік;*
- *қосымша журнал;*
- *сабақтың бірінші кезеңінде қойылған сұрақтарға белсенді түрде жауап іздеу және т. б.*

Бұл кезеңде жаңа ақпараттармен, ойлармен танысады, тиісті тақырыпқа байланысты кино көру, дәріс, әңгіме, тыңдау немесе тәжірибе - эксперимент жасау, мультимедиялық құралдарды пайдаланады. Сабақта жұмыс дара және жұп түрінде жүргізіледі.

Үшінші кезең «Ой толғау»

Кезеңнің мақсаты:

- қабылданған жаңа және ескі түсініктердің ара қатынасын ашу.
 - оқылған материалды талдау және қорытындылау.
 - тақырыпты мұнан әрі меңгеру бағытын анықтау.
 - Мағынаны тану кезеңінде білімге сүйене отырып, бұрын және сабақ барысында не үйренгенін салыстырады.
 - Қарастырған тақырыптың мәнін толық түсіну және өзіне қойылған мақсатты іске асыру үшін жаңа тақырыпты талдайды, қажеттісін іріктеп алады.
 - өзіне қойған сұрақтарға мағыналы жауап алғандарын бағалайды.
 - Алған білімдерін өмірмен байланыстырады, қорытынды нәтиже шығарады, өз бетімен жаңа идеяларды ойластырады.
 - кластер құру
 - әртүрлі кезеңдегі ақпараттардың өзара қатынасын сипаттайтын кестелер толтырады.
 - түйін сөздерге қайта оралу.
 - дұрыс және дұрыс емесін мақұлдауға қайта оралу.
 - рефлексивті сұрақтар
 - пікір алмасу.
 - шығармашылық жұмыстар жазу (синквейн, эссе) және т. б.
- Оқылған ақпаратты талдау, түсіндіру, шығарманы өңдеу жұмысы топ бойынша жүргізіледі.

Технологияның стратегиялары (тәсілдері)

Технологияны жетік меңгеру үшін бірнеше тәсілдер қолданылады. Оқытуда жақсы нәтижеге жету үшін осы стратегияларды оқыту үрдісінің әр кезеңінде сабақтың мазмұнына қарай пайдаланған жөн.

Кластер (топтастыру). Бұл тәсілдің авторы американдық Гудлат.

Стратегияның мәні оқу материалын график түрінде жүйелеу, яғни мәтіннің маңызды бөлігін бөліп, график түрінде белгілі бір тәртіппен шоқ тәрізді орналастыру. Мысалы, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының кезеңдерін кластер түрінде былай келтіруге болады.

Бұл тәсілді қызығушылықты ояту және ой толғау кезеңдерінде қолдануға болады.

Инсерт (түртіп алу) жүйесі.

Бұл тәсіл бойынша оқу материалы дайын күйінде беріледі, мәтінді оқып отырып оның бір жақ шетіне немесе кесте түрінде жазылады:

«V» — білемін «+» мен үшін жаңа «-» басқаша ойлаймын «?» - түсінбедім, тереңірек білгім келеді.

Кестені мәтіннің фрагменттері немесе толық абзац түрінде толтырады.

Сонан соң оқушылар жұп болып немесе топпен өзара пікір алмасады.

Түсініксіз болған ұғымдарды мұғалім түсіндіреді немесе басқа ақпарат

көздерінен іздеуге үйге тапсырма беріледі. Мұнда оқушыларға аз таныс, қызықтыратын, энциклопедиялық сипаттағы, яғни құбылыстар туралы мәліметтер жинауға болады. Бұл тәсіл дәстүрлі оқытудағы «оқулықтан пәлен параграфты оқындар» деген тапсырмаға қарағанда тиімді.

Венн диаграммасы – екі затты алып, олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын салыстыру.

«Синквейн» тәсілі.

Мұны бес жолдан тұратын өлең деп те атайды. Бұл әрбір ой толғау кезеңінде қолданылады.

Синквейн жазу ережесі:

- 1) Бірінші қатарға бір сөзбен тақырып жазылады (зат есім түрінде).
- 2) Екінші қатарға тақырыпты екі сөзбен келтіруі (екі сын есім түрінде).
- 3) Үшінші қатарға үш сөзбен осы тақырып бойынша іс-әрекет жазылады (етістік, көсемше).
- 4) Төртінші қатарға төрт сөзден тұратын осы тақырыпқа қатысты сөйлем немесе сөз тіркесі.
- 5) Соңғы қатарға тақырып мәнін сипаттайтын бір сөзден тұратын синоним (метафора) жазылады.

Эссе стратегиясын ой толғау кезеңінде қолданған тиімді. Мұнда оқушылар тақырыптық ішкі сырын терең түсініп, өз пікірін, өз ойын дұрыс жеткізіп, оқу материалының негізін анықтап, сол арқылы оларды өмірмен байланысын жазады.

Кубизм стратегиясы – кубик жасалынып, оның 6 қырына 6 түрлі тапсырма жазылады. Мұғалім кубті ортаға тастап, қай қыры түссе, оқушы сол қырындағы тапсырмаға жауап береді.

Білемін. Үйрендім. Білгім келеді. *Бұл стратегияны 1984 жылы Чикаго университетінің профессоры Донна Огл шығарған. Оның мақсаты – таным үрдісінде рефлексивтілікті дамыту.* Ол үшін төмендегі кестені толтыру керек. **Білемін. Үйрендім. Білгім келеді.**

Топтың мүшелерін дамыту мақсатында уақытты үнемдеу арқылы оқушылардың барлығын тыңдауға мүмкіндік береді. Кестені толтыру барысында ұсыныстар және жаңа ойлар қосуға болады. Концептуалдық дөңгелек стратегиясы кластерге ұқсас, бірақ мұнда бір шоқтан таралуы керек. Мысалы 2 сыныпта дүниетану пәні бойынша жүргізген «Бұлар қайдан шығады?» тақырыбында өткізген сабағымда «мал шаруашылығы» ұғымына осы стратегияны қолдандым. Бұл тәсіл оқушылардың назарын оқылатын тақырыпқа аударуға, сабақ жоспарын жасауға мүмкіндік береді.

«Ирек» стратегиясы.

Оқушылардың танып білу қызметін арттыру үшін қолданылады. Мұғалім алдын ала мәтінді мағынасына қарай бөліктерге бөліп тастайды. Бүкіл сыныптағы оқушыларды топқа бөліп, әр топқа мәтін үзінділерін береді. Әр

топ сынып оқушыларға, өздеріне берілген мәтіндерін түсіндіріп шығады. Мұндағы басты мақсат — әр оқушы осы тақырыпты түгелдей қамтуында. Осы орайда «Бұлар қайдан шығады?» тақырыбын топ бойынша бөліктерге бөліп тастап және интерактивті тақтадан жайлаудың суретін көрсету арқылы мәтін құрастыруына жол сілтедім.

«Болжам» стратегиясы.

Оқиға мазмұны арқылы баланы қиялдату, ойын, сыни көзқарасын дамыту, проблемалық мәселе туғызу.

Осы орайда әр топқа тапсырмалар бере отырып қиялдауына еркіндік бердім. Оқушылар арасынан қиялы жүйрік бала дараланып шығатыны сөзсіз.

«Пікір алысу» стратегиясы.

Оқушылар бір қорытындыға келетін мәселеге байланысты пікір таластырады, пайдалы, пайдасыз жақтарын шешеді. Белгілі тақырыпты алып, әлеуметтік өмірмен байланыстыру, өз көзқарасын дамыту, өзгені құрметтеуге үйретеді.

«Әңгіме» стратегиясы.

Өзіне — өзі есеп беру, көзқарасты дамыту, білімін анықтау, бағалау. Сонымен, сын тұрғысынан ойлаудың әдістемелік тәсілдерін оқу үрдісінде қолданғандағы маңыздылығы мынада:

- мотивацияның артуы;
- дербес іс — әрекеттің артуы;
- ойлаудың белсенді болуы;
- оқушылардың білігі мен біліктілігінің жан — жақты дамуы;
- логикалық ойлаудың жүйелілігін меңгеру.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану нәтижесінде жеке тұлғаның қабілеттері жандана түседі және білім прагдимасы қалыптасады.



*Оқушылардың шығармашылық жұмыстары
Қолданбалы өнер көрмесінен суреттер*



**Отбасының құндылықтарын ашуда
ата-аналармен өткізілген Тренинг: «Мен қандай ата-анамын?»**

1. Кездесу (жай әуенмен 2 шеңбер болып қарама-қарсы айналады, әуен тоқтаған кезде бір-біріне қарап баланың қасиетін айтады)
2. Ассоциация Жанұя (доп беру арқылы ата-ана жауап береді)
3. Қызықты сурақтар:
 1. Балаңыздың туған күні?
 2. Сынып жетекшісінің толық аты-жөні?
 3. Балаңыз қандай өлшемді аяқ киім киеді?
 4. Балаңыздың парталас көршісі кім?
 5. Бүгін сабақтан қандай баға алды?
 6. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
 7. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
 8. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?
 9. Балаңыз 1-сыныпқа қай жылы барды?
 10. Балаңызды еркелетіп қандай сөз айтасыз?
 11. Балаңыз сізді ренжіткенде, ең алдымен, қандай сөз аузыңызға түседі?

1 слайд Өзін-өзі тану пәнінің бала өмірінде алатын орыны.



2 слайд

3 слайд



4 слайд *Ата-аналарға арналған тренинг*

Тренингтің мақсаты: Қазіргі кездегі баланың дамуына жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің үлесі зор екендігін түсіндіре отырып, қарым - қатынас орнату. Ата-аналарды өздерінің балаларының жандүниесін түсінуге білуге және қиындықта қол ұшын соза білуге ықпал ету.

Қатысушылар: 9 «Б» сынып ата-аналары

Тренинг ережесі:

- Тренингке берілген регламентті сақтау;
- Тренинг барысында бір-бірінің сөзін бөлмеу;
- Қатысушылармен бірігіп жұмыс жасау;
- Қатысушылар бір – біріне кедергі келтірмеу

Ұйымдастыру кезеңі:

1-жаттығу «Доп арқылы балаға деген қарым –қатынасымен таныстыру» тренингі

Сіздердің балаға деген қатынасыңызды білу мақсатында «Доп арқылы сұрақ-жауап» атты тренингін өткіземін. Допты қағып алған адам сұраққа жауап береді. Осылайша кезектесіп допты бір – біріңізге бересіздер. Бір-бірімізге допты беру арқылы балаңызға деген қатынасыңызбен таныстырасыз.

2-жаттығу «Қар қиыршықтары»

Нұсқау: Ақ қағазды алып ортасынан бүктеймізде, оң бұрышын жыртып аламыз. Тағы да бүктеймізде оң жақ бұрышын жыртып аламыз. Осылайша мүмкіндігінше жалғастырамыз. Енді барлығымыз өзіміздің қар қиыршықтарымызды ашып қараймыз.

Талдау:

- Кімде бірдей қар қиындысы шықты?
 - Жоқ, Себебі неде деп ойлайсыңдар?
 - Неге бәрімізде бірдей ақ қағаз және бірдей әрекет жасасақта қар қиыршықтары басқаша шықты деп ойлайсыңдар?
- Мұғалімнің сөзі: Себебі, бәріміз бірдей әрекет жасағанмен біздер әр түрлі адамдармыз, әр түрлі қимылдаймыз. Ал балаларымызға келсек, әр қайсысы бөлек тұлға, әрқайсысының ойлауы, дүниетануы көзқарасы бәрі де әр түрлі. Бүгін жиналуымыздың бірден бір себебі балаңыздың үлгеріміне, қолдау көрсету.

5 слайд 3-жаттығу «Мен үшін баламның сабақтағы үлгерімі...»

Келіңіздер, осы тақырып төңірегінде пікір алмасайық.

Ата -анасы баласына оқуды жақсы бітірмесең, бізден жақсылық күтпе, біз саған көмектеспейміз дейді. Ал баласы кей сабақтан қиналып жүр.

Осындай сөздерден оң ол ешкімді көргісі келмеді.

Сұрақ: Ата- ананың бұл ісіне қалай қарар едіңіз? Сіздің ойыңыз? Өзіңіз балаңызды қалай қолдар едіңіз? Сабаққа зейін қоюға қандай қолдау көрсетесіз?

6 слайд 4 -жаттығу - релаксация «Ашық хабар бейне ролигі» *(оқушылардың өз ата-аналары туралы пікірлері)*

7 слайд Талқылау сұрақтары:

Өз балаңыздан осын жауапты күттіңіз бе?

Өз балаңыздың жақсы қасиеттері?

Нұсқау: Балаларыңыз сіздерге деген жүрек түбіндегі лебіздері мен құрметтерін, айта алмай жүрген ойларын ашық хат бетіне түсірген болатын. Енді міне балаңызға айтпай жүрген еркелетін сөздермен қолдау жасаңыз, тілек айтыңыз.

(Ата-аналардың пікірлерін бейне роликке түсіру және өзін-өзі тану пәнінде оларға көрсету)

- 8 слайд отбасы (Қорытындылау)
- 9 слайд Дәйексөз
- 10 бала жаны тым нәзік.
- 11-12 слайд Ата-анаға арналған сауалнама
- 13 слайд Жауабы
- 14 слайд Балаға тәрбие беру үшін
- 15 слайд Бала махаббаты дегеніміз...
- 16 слайд Мен әрқашан қасыңнан табыламын.

Есіңізде болсын, ең бастысы – баланы қобалжу мен қорқудан арылтып, оның дайындалуына қолайлы жағдай жасау.

Кездесудің соңында ата-аналарға стикерлер таратылып, олардың осы кездесуден алған пікірлері туралы екі жұлдыз бір тілек жазылып алынады. Өз пікірлері мен тілектерін қалаған суретке іледі.

Қосымша материалдар: Кездесудің соңында оқушылардың ата-аналарына дайындаған кіші гірім қолөнерлері мен ата-аналарға арналған жадынамалар таратылады.

Ата-аналарға арналған жадынама.

1. Балаңыздың оқуына, тәртібін , баланың белсенділігінің артуына тек мектеп тәрбиесі мен оқуының арқасында қол жеткізуге болатынын түсініңіз.
2. Міндетті түрде ата-аналар жиналысынан қалмай, баланың сабағының үлгерімін қадағалаңыз.
3. Балаңыздың күнделікті оқуындағы табысымен ой бөлісіңіз, бүгін қандай жаңа ұғым алды ,үйренді, нені үйренді, т.б. Тек қандай баға алғанымен қанағаттанбаңыз.
4. Балаңын күнделікті үй тапсырмасын орындауын қадағалаңыз, егер бала қиналатын болса көмектесіңіз, қерісінше өзіңіз орындап беруге үйретіңіз.
5. Баланы тек үй тапсырмасының жұмысымен қалдырмай, ой-орісінің өсуіне қосымша жаналықтар қамтып, білімін жетілдіріңіз.
6. Баланың сыныптың және сыныптан тыс жұмыстарға қатысуын қадағалаңыз, көмек көрсетіңіз.
7. Мүмкіндігінше, баланың айтқан әңгімесіне,өзі жайлы, мектебі туралы, достары туралы т.б. ойымен бөлісіп, баланың көзқарасымен қарауға тырысыңыз.
8. Өз мүмкіндігіңізге байланысты мектеп пән мұғаліміңізге көмеккөрсетуді ойлаңыз. Ол сіздің балаңызды тәрбиелеудегі оңеріңіздің жоғарылығын көрсетеді.
9. Жүрек жылытатын жақсы сөздеріңізді аямаңыз.

10. Балаңыздың сенімін үнемі ақтаңыз.

11. Балаңызға деген сеніміңізді сүйіспеншілігіңізбен көрсетіңіз.

Есіңізде болсын, ең бастысы – баланы қобалжу мен қорқудан арылтып, оның дайындалуына қолайлы жағдай жасау.



Ата-аналармен өткізген семинардан көріністер



Ата-аналардың жиналысынан бейне үзінділер



Жиналыстың соңында оқушылар өздерінің қолдарымен дайындаған, «Сұлу жүрек» сыйлықтарын ата-аналар мен сынып жетекшісіне тарту етті. Жер бетіндегі аналарға деген риясыз сүйіспеншілік, жастардың парызы деп тілектерін білдірді оқушылар. Болашақ ұрпақ адал, мейірімді болса әлем тыныштықта болар деген тұжырымды түйдік.



№ 15 қосымша

*Озық педагогикалық тәжірибені жалпылаудың дәлелдері
№ 1 хаттама 03.03.2015ж.
Степногорск қаласының білім бөлімі сайтында жарияланған.*

*Озық педагогикалық тәжірибені жалпылаудың дәлелдері
№ 20 хаттама 21.11.2019ж.
Степногорск қаласының білім бөлімі сайтында жарияланған.*

Педагог қызметкерлердің озық педагогикалық тәжірибелерін тарату және жалпылау туралы Ақмола облысының білім басқармасының 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 25 бұйрығымен облыстық озық педагогикалық тәжірибе деректер банкіне енгізілген.

**Мекен жайы: 021502 Ақмола облысы,
Степногорск қаласы, Ақсу кенті
Көшесі: Әль-Фараби 21/2
ММ «Ақсу кентінің № 2 орта мектебі»
жұмыс телефоны - 46505
ұялы телефон - 87712995506
электрондық почта - sagdat.b@inbox.ru**